

Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидаларын, жер телімдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 54 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 17 ақпанда № 3704 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 82 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 25.02.2016 № 82 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 17.06.2013 № 230 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 27-бабының 1-тармағының 21-3) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидалар, жер телімдеріне, ғимараттар және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптары бекітілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

"Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және ғимараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" 2007 жылғы 12 шілдедегі № 331 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3577 болып тіркелген, 2007 жылғы 28 тамыздағы "Қостанайские новости" газетінде жарияланған);

"Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және ғимараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" әкімдіктің 2007 жылғы 12 шілдедегі № 331 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 26 қыркүйектегі № 458 қаулысы (

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3657 болып тіркелген, 2008 жылғы 19 қарашада "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

С. Кулагин

Әкімдіктің
2010 жылғы 30 қаңтардағы
№ 54 қаулысымен бекітілген
Әкімдіктің
2013 жылғы 8 сәуірдегі
№ 135 қаулысына қосымша

**Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің
құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын
қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі
қағидалар, жер телімдеріне, ғимараттарға
және құрылыстарға реттік нөмірлер
беру талаптары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 08.04.2013 № 135 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 17.06.2013 № 230 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидалар, жер телімдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ақпараттандыру туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі, "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңдарына, "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерін адрестеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 278 және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2012 жылғы

26 маусымдағы № 378 бірлескен бұйрығына сәйкес әзірленген.

1. Негізгі ережелер

1. Осы Қағидада келесі негізгі терминдер пайдаланылады:

- 1) алаң – тұйық шекаралы қала құрылысының атаулы элементі;
- 2) алдын-ала берілген мекенжай (жобалық нөмір) – объектіні пайдалануға бергенге дейін жобалау алдындағы құжаттаманы ресімдеу кезеңінде берілетін жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайы;
- 3) атау - елді мекендердегі елді мекеннің құрамдас бөлігіне берілетін, оларды белгілеу мен тануға қызмет ететін жалқы есімдер;
- 4) әкімшілік-аумақтық бірлік – осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес Әкімшілік-аумақтық бірліктер типтері атауларының тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылым жүйесінің құрамдас бөлігі;
- 5) блок – қызметі тұрғысынан тәуелсіз, басқа элементтермен үйлестіріліп те, жеке де пайдалануға болатын үйдің көлемдік-кеңістік элементі;
- 6) бульвар – қарсы көліктік ағындары орман бақтық екпелермен, жаяу жүру жолдарымен бөлінген жергілікті маңызы бар көше немесе жол;
- 7) гараж – автомобиль көлігін тұрақты немесе уақытша сақтауға арналған ғимарат;
- 8) даңғыл – жалпы қалалық маңызы бар жол немесе көше;
- 9) елді мекен – республика аумағының халық жинақы орналасқан, кемінде 50 адамы бар, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, заңда белгіленген тәртіпте есепке алынған және тіркелген, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі;
- 10) елді мекендердің құрамдас бөліктері – осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес Елді мекендердің құрамдас бөліктері типтері атауларының тізбесінде көрсетілген көше, даңғыл, тұйық көшелер, бульвар, шағын аудан және елді мекеннің басқа да құрамдас бөліктері;
- 11) жапсарластыра салынған үй-жай – негізгі үйдің көлемінде орналасқан жеке кіретін жері ұйымдастырылған қоғамдық мақсаттағы үй-жай;
- 12) жапсарластыра-жанастыра салынған үй-жай – негізгі үйге жанастыра салынған және оның бөлігіне жапсарластыра салынған үй-жай;
- 13) жол санаты – көлік құралдары қозғалысының есептік қарқындылығына байланысты автомобиль жолдарының жеке учаскелердегі немесе бүкіл бойындағы жіктеуіші;
- 14) жылжымайтын мүлік (бұдан әрі – жылжымайтын мүлік объектілері) – жерге тығыз байланысты, яғни олардың нысанды қолданылуына еселеусіз зиян келтірілмей орын ауыстыру мүмкін болмайтын жер учаскелер, үйлер, ғимараттар ;
- 15) жылжымайтын мүліктің бастапқы объектісі - әр түрлі функционалдық

мақсаттағы ғимараттар және құрылыстар, сондай-ақ ерекше реттеу және қала құрылысын регламенттеу объектілері;

16) жылжымайтын мүліктің кейінгі объектісі - құқықтарды тіркеу мақсатында меншіктің жеке (бөлек) құқық (өзге де заттық құқық) объектілері ретінде оларға кадастрлық нөмірлер берілетін тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар;

17) корпус – бір жер учаскесінде орналасқан және функционалдық мақсаттылығы бойынша біріктірілген үйлер мен ғимараттар кешені болып табылатын біртұтас кешенге кіретін үй мен ғимарат;

18) көше – екі жолақты көлік жүретін бөлікті, жолдың шет жақтары, кювет пен қорғаушы бермаларды қосқандағы көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысына арналған аумақ;

19) мекенжай – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жерін сипаттау, ол мынадай элементтерді қамтиды: аймақ, елді мекен, елді мекеннің құрамдас бөлігі, жылжымайтын мүліктің бастапқы объектісі, жылжымайтын мүліктің кейінгі объектісі (бар болған жағдайда);

20) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі - мекенжайлар және олардың құрамдас бөліктері туралы мәліметтерді жасауға, жинақтау мен өңдеуге және Қазақстан Республикасының мекенжай алаңын біріздендіруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

21) мекенжайдың тіркеу коды (бұдан әрі - МТК) – "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйемен бірігетін жылжымайтын мүлік объектілері мекенжайының бірегей коды;

22) МҚК ААЖ кезекші мекенжай жоспары – елді мекен, әкімшілік аудандар, шағын аудандар, кварталдар, көшелер, үйлер, ғимараттар (көліктік және инженерлік инфрақұрылымды қоса алғанда) аумағының нақты шекаралары белгіленген координаталар жүйесінде орындалған елді мекеннің геоақпараттық цифрлық картасы, сондай-ақ жер учаскелері мен жылжымайтын мүлік объектілерін, азаматтық немесе басқа да құқықтағы жеке дербес объектілер ретінде бастапқы объектілердің кеңістіктік бөлігін сәйкестендіруші ақпараттық деректер;

23) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (МҚК ААЖ) – қала құрылысы регламенттерін, пайдалану режимінің әлеуметтік-құқықтық белгілері, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету деңгейі, онда орналасқан объектілердің параметрлері мен жай-күйі, сондай-ақ табиғи-климаттық жағдайлары мен экологиялық жай-күйі бойынша қала құрылысы, сәулет және құрылыс қызметі аумағын сипаттайтын картографиялық, статистикалық және мәтіндік ақпаратты қамтитын сандық және сапалық көрсеткіштердің мемлекеттік жүйесі;

24) объектінің реттік нөмірі – бас әріптің қосылуы мүмкін немесе қосымша

бүтін цифрлардың (екі таңбадан көп емес) бөлшегі арқылы бірізді цифрлардан тұратын объект мекенжайының деректемесі. Бұл орайда нөмірде есімдіктер (мысалы "Я" әрпі), алфавиттегі қазақ әріптері (Ә, І, Ғ, Қ, Ң, Ө, Ү, Ұ, Һ), айтылуы қиын әріптер (дыбыссыз) және цифрға ұқсас әріптер (О, Ж, З, И, Х, Ц, Ч, Ш, Щ, Ъ, Ы, Ь) алынып тасталады;

25) ономастика комиссиясы - Қазақстан Республикасының аумағындағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне, әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру және сақтау бойынша бірыңғай көзқарасты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультациялық-кеңесші орган;

26) орам – құрылыстың көшелермен/тұйық көшелермен бөлінбеген құрылымдық элементі;

27) тұйық көше, өтпе жол – ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және калалық, кенттік құрылыстың басқа объектілеріне, елді мекендерге көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін аумақ;

28) тұрғын үй-жай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, тұрғын жайдың тұрғын алаңын да, тұрғын емес алаңын да қамтитын жеке үй-жай ;

29) үй-жай – басқа іргелес үй-жайлардан ойықтары жоқ қабырғалармен немесе бітеу арақабырғалармен бөлінетін және көшеге, аулаға, ортақ пайдаланудағы дәлізге немесе баспалдақ алаңдарына жеке шығатын есігі бар құрылыстың ішкі оқшауланған бөлігі. Үй-жайлар өзінің міндеті бойынша тұрғын және тұрғын еместерге бөлінеді;

30) шағын аудан – құрылыстың қала құрушы құрылымдық-жоспарлық элементі.

2. Қазақстан Республикасы аумағындағы объектілерді адрестеу жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

3. Объект мекенжайы қазақ және орыс тілдерінде мазмұндалады.

4. Объект мекенжайы:

облыстың, ауданның, қаланың, қаладағы ауданның, ауылдық округтің, кенттің, ауылдың атауынан;

елді мекеннің құрамдас бөліктерінің атауынан;
бастапқы объектінің нөмірінен;
осы Қағиданың 3-қосымшасында көрсетілген Жылжымайтын мүлік объектілері типтерінің тізбесіне сәйкес кейінгі объектінің нөмірінен тұрады.

Жылжымайтын мүлік объектісінің типіне байланысты мекенжайдың құрылымы қосымша элементтермен (корпус, блок, қатар, жүру жолы, сызық) толықтырылады.

5. Мекенжайдың деректемелері дедуктивтік әдіспен (жалпыдан жекеге) жазу қатаң анықталған реттілігімен көрсетіледі.

2. Қостанай облысы елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және атауларын қайта өзгерту тәртібі

6. Қостанай облысының елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте кеңістікте оларды бөлу және айырып тануды қамтамасыз ету үшін беріледі.

7. Сәулет және қала құрылысы органы:

1) Осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген жылжымайтын мүлік объектілеріне реттік нөмірлерді бұйрықпен береді;

2) елді мекендердің құрамдас бөліктерінің тізбесін қалыптастырып, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, қайта атау беру, тарату бойынша әрі қарай жұмыс жүргізу үшін тілдерді дамыту жөніндегі органға жолдайды:

атауы жоқтарды;

атаулары сәйкесетіндерді;

оларда орналасқан жылжымайтын мүлік объектілерін бұзуға байланысты қызметі тоқтатылғандарды;

елді мекендердің құрамдас бөліктерінің жеке бұйрықпен бекітілген алдын-ала берілген мекенжай (жобалық нөмірлері);

3) қате мекенжай деректерін реттеу мен жою немесе жоқ болуын анықтау мақсатында елді мекен аумағындағы МҚК ААЖ кезекшілік мекенжай жоспарына объектілерге түгендеу деректерін енгізе отыра объектілерге (аулаларды, үйлерді аралап шығу) түгендеу жүргізеді;

4) бұзылған үйлердің мекенжайларын таратып, сондай-ақ оларға жаңа мекенжай беріп, осы учаскелерде қайта салынған үйлердің есебін жүргізеді;

5) атау беру кезінде пайдаланатын жол мен көше санаттарын қоса, атауға немесе қайта атауға жататын қала құрылысы элементтерінің санаттарын анықтайды;

6) елді мекендер аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің сәйкестігін жүзеге асырады;

7) жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы туралы ақпаратты МҚК ААЖ елді мекеннің кезекші мекенжай жоспарына және "Мекенжай тіркелімі" АЖ тіркейді және енгізеді;

8) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйеден МТК кодын көрсете отырып, жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы туралы анықтаманы беруді жүзеге асырады;

9) жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілерінің реттік нөмірлерін беру, өзгерту, тарату туралы бұйрықтардың көшірмелерін жеті жұмыс күні ішінде әділет органдарына, сондай-ақ барлық мүдделі органдарға ұсынады;

10) жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілерінің мекенжайын уақытылы беру, өзгерту және тарату, сондай-ақ осы Қағиданың барлық нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді;

11) жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілеріне алдын-ала берілген мекенжайды (жобалық нөмірді) береді.

8. Тұрақты адресстеуге жататындар:

барлық бұрыннан бар, сондай-ақ жаңадан салынған пайдалануға берілген және құқық беретін құжаттары бар үйлер, ғимараттар, бұл ретте бағбандық (дача) объектілерді адресстеу пайдалануға берусіз идентификациялық құжат негізінде жүзеге асырылады;

жаңа құрылыс немесе қайта қалпына келтіру нәтижесінде пайда болған гараждар, үйге қосылып, жалғастыра, жапсарластыра-жанастыра салынған үй-жайлар, тұрғын үй-жайлар, мансардтық қабаттар;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес бірнеше дербес бөліктерге бөлу нәтижесінде пайда болған объектілер;

үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану үшін ұсынылған меншік құқығы әділет органдарында тіркелген жер учаскелері.

9. Алдын-ала адресстеуге жататындар:

жылжымайтын мүлік объектілерін салу үшін ұсынылған жер учаскелер;

пайдалануға беруге әзірлеу сатысындағы құрылысы аяқталмаған объектілер;

пайдалануға беруге жоспарланған бастапқы объектілер;

пайдалануға беруге жоспарланған бастапқы объектілер құрамындағы кейінгі объектілер.

Жылжымайтын мүліктің бастапқы объектілерінің мекенжайы туралы ақпарат "Мекенжай" АЖ тіркеуге жатқызылады.

10. Мыналар адресстеуге жатпайды:

өз бетімен тұрғызылған объектілер;

азаматтардың жеке тұрғын үй құрылысына бөлінген аумақта орналасқан уақытша тағайындалған объектілер, шаруашылық құрылыстар, гараждар, елді

мекендердің инженерлік инфрақұрылым объектілері, жеке тұрған жарнамалық құрылымдар, жылу өткізгіштер, су өткізгіштер, электр сымдары, кәріз желісі, тазартқыш құрылыстар, мұнай айдайтын құрылыстар.

11. Елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру келесі кезеңдермен жүзеге асырылады:

1) сәулет органы атауы берілмеген, ұқсас атаулары бар елді мекеннің құрамдас бөліктерінің тізбесін елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру (қайта атау) жұмыстарын әрі қарай жүргізу үшін ономастикалық комиссияға жібереді;

2) ономастикалық комиссия елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру (қайта атау) мәселелерін талқылау үшін ономастикалық комиссия отырысын ұйымдастыру бойынша шараларды жүргізеді;

3) қалалық және аудандық атқарушы органдары елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру (қайта атау) туралы мәселелерді шешеді және қалалық және аудандық өкілді органдарға бекіту үшін жолдайды;

4) қалалық және аудандық өкілді органдар атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру (қайта атау) туралы шешім шығарады;

5) елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атаулар беру (қайта атау) туралы өкілді және атқарушы органдардың бірлескен шешімдері мүдделі мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарға жеткізіледі;

6) "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, осы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау жөніндегі мәселелерді шешеді.

12. Бір жер учаскесінде бірыңғай сәулет үйлесімін құрушы немесе бір сәулет-құрылыс кешенінің бөлігі болып табылатын екі немесе одан да көп объект тұрғызылған жағдайда бұл объектілердің реттік нөмірлері негізгі үйдің нөмірінен корпустың қосымша нөмірінен тұрады. "Корпус" белгісі олар орналасқан жер учаскесі аумағының қызметтік қолданысын ескере отырып, үйдің қызметтік мақсатына және жақын тұрған үйдің қалыптасқан нөмірленуіне байланысты анықталады.

Мұнда үйлердің нөмірленуі негізгі үй орналасуын ескере отырып, жер учаскесі аумағына басты кіру жолынан бастап жүргізіледі.

13. Егер объект квартал ішінде орналасқан және объектінің еш бір қасбеті көшелерге шықпаған болса, объектінің реттік нөміріне бөлшек белгісі арқылы қосымша бүтін сандар қосылады. Бұл жағдайда негізгі реттік нөмір болып нөмірленуге жататын объектіге ең жақын объектінің реттік нөмірі қолданылады.

14. Бөлшек белгісі арқылы жазылған цифр негізгі реттік нөмірі бар объектіден жойылу мөлшеріне сәйкес өседі. Бөлшек белгісі арқылы қосымша бүтін цифрлер немесе бас әріптер қосуға немесе бөлшек белгісі бар объектінің реттік нөміріне сызықша қосуға рұқсат етілмейді.

15. Объектінің реттік нөмірі сәулет және қала құрылысы органдарымен пайдалануға алынған және/немесе қате мекенжайлық деректерді реттеу және жою мақсатында елді мекен аумағындағы объектілерге кешенді түгендеу жүргізу барысында беріледі.

16. Осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген үйлердің реттік нөмірлері және нөмірлеуі өзгеріссіз қалдырылады.

17. Жергілікті атқарушы органның жер қатынастары бойынша уәкілетті органы жер учаскелерін бөліп беруде жер учаскесіне бастапқы мекенжай алу үшін сәулет және қала құрылысы органына өтініш береді. Жер учаскесін беру туралы шешімде объектінің бастапқы мекенжайы және мекенжай тіркеу коды көрсетіледі.

18. Елді мекеннің бір бөлігіндегі объектілердің нөмірленуі оннан артық бірлікке тоқтатылған (жоғалған) жағдайда, сәулет және қала құрылысы органы қайта нөмірлеуді талап ететін объектілердің нөмірленуіне өзгерістер енгізуге бастама жасайды.

19. Оңтүстіктен солтүстікке (батыстан шығысқа) қарай құрылыстың үздіксіз бағытын түзеген үйлерге (ғимараттарға) реттік нөмір беру тиісінше оңтүстіктен солтүстікке (батыстан шығысқа) қарай елді мекеннің құрамдас бөлігінің сол жағы бойынша тақ нөмірлермен және оң жағы бойынша жұп нөмірлермен жүргізіледі.

20. Жылжымайтын мүлік объектісі атауын тарату түгендеу арқылы (әрбір ауланы және әрбір үйді аралап шығу) жылжымайтын мүлік объектісінің физикалық жоқтығы анықталған кезде, сондай-ақ елді мекеннің құрамдас бөлігіне бекітілген жылжымайтын мүлік объектілерінің реттік нөмірлерін ретке келтірген кезде сәулет және қала құрылысы органымен жүзеге асырылады.

21. Әртүрлі санаттағы елді мекеннің құрамдас бөліктерінің қиылысында орналасқан үйлерге магистральдық көшелердің жіктегішіне сәйкес жоғары санатты елді мекеннің құрамдас бөліктері бойынша реттік нөмір беріледі.

22. Тең санаттағы елді мекеннің құрамдас бөлігінің қиылысында орналасқан үйлерге, үйлердің басты қасбеті шығатын елді мекеннің құрамдас бөлігі бойынша реттік нөмір беріледі. Егер бұрышқа бір үйдің екі бірдей қасбеті шығып тұрса, реттік нөмір елді мекеннің орталығы бағытына қарай жүретін елді мекеннің құрамдас бөлігі бойынша беріледі. Егер үйдің басты қасбеті аула ішінде орналасқан болса, үй созылып жатқан бойдағы елді мекеннің құрамдас бөлігі бойынша реттік нөмір беріледі.

23. Алаң периметрін құрайтын үйлерге реттік нөмір беру елді мекеннің орталық жағындағы басты жолдан бастап сағат тілі бағыты бойынша жүргізіледі. Егер бұрыштық үйде басты қасбеті бар және жалғасушы елді мекеннің құрамдас бөлігі бойында едәуір созылып жатса, оның нөмірленуі елді мекеннің құрамдас бөлігі бойынша жүргізіледі.

24. Осы Қағиданың 19-тармағының талаптарын орындау мүмкін болмаған кезде, елді мекен аумағында жаңа құрылыс табиғи жолмен қалыптасқан жағдайда, сол аумақтағы реттік нөмірлерді кері тәртіппен, яғни елді мекеннің құрамдас бөлігінің оң жағы бойынша тақ нөмірлермен және сол жағы бойынша жұп нөмірлермен солтүстіктен оңтүстікке немесе шығыстан батысқа қарай беруге болады.

25. Мекенжай бір объектінің әртүрлі бөліктері үшін ортақ болып табылады.

26. Бірізді нөмірленген нөмірлері бар екі үйдің, ғимараттың аралығында орналасқан үйлерді нөмірлеуді (объектілер қою), осы Қағидаға сәйкес тиісті объектінің кіші нөміріне бөлшек белгісін қосуды қолдана отырып жүргізу қажет.

3. Қорытынды қағидалар

27. Қағидада қамтылмаған қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Қостанай облысы аумағындағы
елді мекеннің құрамдас бөліктеріне
атау беру және атауын қайта өзгерту
тәртібін жүргізу жөніндегі қағидалар,
жер төлемдеріне, ғимараттарға және
құрылыстарға реттік нөмірлер беру
талаптарына 1-қосымша

Әкімшілік-аумақтық бірліктер типтері атауларының тізбесі

№	Қазақ тіліндегі атау
1	Ауыл
2	Ауылдық округ
3	Облыстық маңызы бар қала
4	Аудандық маңызы бар қала
5	Республикалық маңызы бар қала
6	Облыс
7	Бөлімше
8	Кент
9	Аудан
10	Қаладағы аудан
11	Жол айрығы
12	Станса
13	Қосалқы шаруашылық
14	Ферма

15	Шипажай
16	Орман шаруашылығы

Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидалар, жер төлемдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарына 2-қосымша

Елді мекеннің құрамдас бөліктері типтері атауларының тізбесі

№	Қазақ тіліндегі атау
1	Көше
2	Бульвар
3	Аллея
4	Алаң
5	Даңғыл
6	Сызық
7	Жол
8	Жағалау
9	Тұйық көше
10	Өтпе жол
11	Қыстау
12	Орман шаруашылығы
13	Әскери бөлім
14	Жол айрығы
15	Станса
16	Демалыс базасы
17	Шағын аудан
18	Орам
19	Шекара бекеті
20	Шоссе
21	Даңғыл жол
22	Саяжай кооперативі
23	Гараж кооперативі
24	Алқап
25	Гараж қоғамы
26	Саяжай қоғамы
27	Жол
28	Гараж алқабы
29	Бау-бақша (Бағбандық) қоғамы
30	Тұрғын үй алабы
31	Учаске
32	Өнеркәсіптік аймақ
33	Бөлімше
34	Тұйық көше

35	Шаруа қожалығы
36	Бағбандық ұжым
37	Гараж иелерінің тұтыну кооперативі
38	Тұтыну кооперативі
39	Бағбандық серіктестік
40	Саяжай алабы
41	Ферма
42	Қоныс
43	Аймақ
44	Гараж тұтыну кооперативі
45	Саяжай учаскелері иелерінің тұтыну кооперативі
46	Кеден бекеті
47	Орман шаруашылығы
48	Кардон
49	Жеке гараж иелерінің тұтыну кооперативі
50	Гараж-құрылыс кооперативі
51	Әуесқой бағбаншылардың тұтыну кооперативі
52	Заимка
53	Алаңқай
54	Аумақ
55	Қиық
56	Саяжай кешені
57	Есеп кварталы
58	Гараж пайдаланушылар кооперативі
59	Кадастр кварталы
60	Бау-бақша тұтынушылар кооперативі
61	Бау-бақша қоғамы

Қостанай облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидалар, жер төлемдеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарына 3-қосымша

Жылжымайтын мүлік объектілері типтерінің тізбесі

№	Қазақ тіліндегі атау
1	Тұрғын үй қоры
2	Өндірістік үйлер
3	Ғылым, білім және тәрбие объектілері
4	Денсаулық сақтау және демалыс объектілері
5	Әкімшілік және қоғамдық ұйымдар және басқармалар
6	Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт объектілері
7	Мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелері объектілері
8	Сауда объектілері
9	Қоғамдық тамақтандыру объектілері

10	Тұрмыстық қызмет көрсету объектілері
11	Коммуналдық қызмет көрсету объектілері
12	Көлікке және халыққа тікелей қызмет көрсетуге арналған өндірістік объектілер
13	Өнеркәсіптік және қойма объектілері
14	Қала маңы аймағының көгалдандырылған аумақтары
15	Тұруға уақытша жарамсыз объектілер
16	Ғимарат
17	Ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығы мақсатындағы объектілер
18	Бағбандық учаскелер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК